

Шортанбаев Ш.А.¹, Карбозов Е.²,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
¹аға оқытушысы, ²доценті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com; e.karbozov@gmail.com

**ШЕРНИЯЗ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТИҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың арқалы ақындарының бірі, Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісіне белсене қатысып, оның жалынды жыршысына айналған ақын Шернияз Жарылғасұлының шығармашылығы қарастырылған. Ол қазақтың ежелден келе жатқан суырыпсалмалық өнерін мейлінше жетілдіруге, кемелдендіруге зор үлес қосқан ақын ретінде де ерекшеленеді. Заманның халін, күйін айтқан Шернияздың шығармалары идеялық-көркемдік ерекшеліктерімен, саяси-әлеуметтік сипатымен қазақ әдебиетінің рухани қазынасын байытуға үлес қосты. Шернияз поэзиясы шырайлы, құнарлы тілмен замана шындығын жырлап, ел өткенін екшеп, болашағына көз тіккен ақын ретінде бағаланады. Өлеңдерінің Ел бірлігі, ұлт тұтастығы дейтін құндылықтарымызды қастерлеуге, асыл қасиеттерімізді қадірлеуге үйрететіні жан-жақты айтылады.

Қорыта айтқанда, Ерлік пен елдіктің туын биік көтеріп, ар-намыс пен адамшылықты жоғары бағалап, алауыздық пен екіжүзділікті мінеп-сынайтын ақын өлеңдеріндегі ой-арман «Мәңгілік ел» идеясы қамтитын бағытпен бағдарлас, мұраттас екендігі сараланып, тұжырымдалған.

Түйін сөздер: ақын, поэзия, ұлттық идея, ел бірлігі, өлең, көтеріліс жыршысы, көркемдік.

Shortanbayev Sh.A., Karbozov E.
Sherniyaz- the patron of heroism and freedom

The article considers a creative writing of one of the inspired Kazakh poets Sherniyaz Zharylgasuly, who lived in the XIX century and actively participated in peasant movement of Isatai and Makhambet, and became the teller of that time. He is also notable for his enormous contribution to the development of native Kazakh art «suyrypsalma» and its improvement. Works of Sherniyaz, describing the state and situation of that period with ideological and aesthetic peculiarities and political-social features made a huge contribution to Kazakh literature. Sherniyaz's poetry is evaluated as aglorifying the truth of the present, contemplating the past and motivating the future of the country. His poems call for the respect of such values as solidarity of country and unity of people.

Ultimately, we can say, that the idea of poetry of this poet rises the banner of heroism and peace, highly appreciates the pride and honor, humanity, despising the duplicity and turmoil and has a big convergence with the idea of «Mangilik el».

Key words: poet, poetry, national idea, the unity of the country, the verse, the teller of uprising, aesthetic.

Шортанбаев Ш.А., Карбозов Е.
Шернияз – покровитель героизма и свободы

В статье рассматривается творчество одного из казахских одухотворенных поэтов Шернияза Жарылгасулы, жившего в XIX веке, активно участвовавшего в крестьянской восстании предводителей Исатая и Махамбета и ставшего великим сказанником. Он также выделился благодаря огромному вкладу в развитие исконно – казахского искусства «суырыпсалма» и его совершенствованию. Произведения Шернияза, описывающие состояние и положение эпохи с идейно-эстетическими особенностями и политическо-социальной чертой, внесли лепту в

облагашение духовного богатства казахской литературы. Поэзия Шернияза оценивается как воспевающая истину настоящего, обдумывающая прошлое и заинтересовавшая будущее своей страны. Его стихи учат почитать такие ценности как сплоченность страны и единство народа.

Подведя итог, можно сказать, что идея поэзии этого поэта возносит знамя героизма и мира ввысь, высоко ценит гордость и честь, человечество, презирая двуличность и неурядицы, и имеет общую направленность с идеей «Мангилик ел».

Ключевые слова: поэт, поэзия, национальная идея, единство страны, стих, сказанник восстания, эстетическая.

Он тоғызыншы ғасырдың алғашқы жартысында қазақ даласына дендеп кірген отаршылдықтың, өктемдіктің ызғары халық наразылығын күшейтіп, ұлт ақындарының намысын қоздырды. Езгіге түскен ел-жұртының қамын жеген сөз өнері иелері өз өлең-толғауларында заманның қайғы-қасіретін, мұң-шерін, арман-тілегін жырлады. Осы тұста өмір сүрген ел ақындары әкімшіл-әміршіл жүйені сынап, билеушілердің қылығын батыл әшкерелеп отырды. Олардың шығармаларында әділетсіздікке қарсы үн көрсету, бостандыққа шақыру идеялары батыл көріне бастады. Ел билеушілерін жөнсіз мақтап-мадақтау азайып, ұнамсыз әрекеттері шенелді. Елдің мұңы, аңсары ашық айтылып, тәуелсіздік, бостандық ұраны ашық бой көтеріп, ел қамын жеген ерлердің ерлік ісі дәріптелу жағы басым түсіп жатты. «Зар заман ақындары» деген атауға ие болған бұл топтың ішінде Шернияз Жарылғасұлының да аты аталады.

Шернияз Жарылғасұлы – XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың арқалы ақындарының бірі. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында 1807 жылы дүниеге келіп, алпыс жыл өмір сүріп, өмірден өткен. Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтерілісіне белсене қатысып, оның жалынды жыршысына айналған. Исатай мен Махамбеттің айнымас досы, серігі болған. Ол қазақтың ежелден келе жатқан суырыпсалмалық өнерін мейлінше жетілдіруге, кемелдендіруге зор үлес қосқан ақын ретінде де ерекшеленеді. Он бір бұынды өленді де еркін, кең қолданған. Ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан өлендері бұл сөзімізге дәлел бола алады.

Патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күреске шыққан Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің басы-қасында болған Шернияз өлендерінде ел басындағы зауалды күндер шынайы жырланады. Заманның сипатын дәл аңғарып, өткен күннің тұрлаулы шақтарын аңсады, жаңа күндерден үміттенді.

Шалқыған заман бар еді,
Іздегенің табылған.
Малдап есеп берген соң,

Шыр айналып жүрген соң,
Аузы ала алашым
Сол күндерді сағынған.

Ақын өлеңінен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманның» өткеніне өкінетінін, түрлі алым-салықтың көбейіп, қолдағы малынан айрылғалы тұрған халқының алдағы өмірінен қауіптеніп, тыныш заманды, берекелі қоғамды аңсайтынын анық аңғарамыз.

Замана келді қырынан,
Қамынды жер бұрыннан,
Бұрынғы заман билерде
Азған бар ма еді, бұзылған?..

Ақын бодандыққа душар болған еліп ойлап қамығып, қиындыққа тап келген заманын күстаналайды. Бұрынғы ел билеушілерінің дәл осы күнгідей жебір, залым болмағанын, халықты аздырып-тоздырмағанын емірене еске алып, бұндай нәубеттен құтылар күнді аңсайды. Осы сарындағы өлендеріне қарап, тексеріп, сараалай келе, Мұхтар Әуезовтің Шерниязды да зар заман ақындары қатарына телітіні тегіннен-тегін емес. М. Әуезов бұл кезең ақындары туралы: «Бұл дәуірдің әдебиеті сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған құздан, алдында тұрған қайғылы күннен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып, күрсінген күйін білдіреді. Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң артқы бостандық, бірлік күшіне қоштасқан мезгілі»[1, 55] – деп атап көрсетеді.

Заманның халін, күйін айтқан Шернияздың шығармалары идеялық-көркемдік ерекшеліктерімен, саяси-әлеуметтік сипатымен қазақ әдебиетінің рухани қазынасын байытуға үлес қосты. Отаршылдық езгіні сынады, халықтың қасіретін шын ұғып, шынайы жырлады. Елі үшін ерлік іс атқарған Исатай, Махамбеттей ерлердің әрекетін құптап, ісімен де, өлеңімен де жігерлендірді. Халқының саят-санасын, әдет-ғұрпын, баянды күндерін жырлады. Елінің ертеңгі күніне ұмыт артып, келешегінің кемел болатынына сенді.

Шернияздың ата-тегіне, өскен ортасына ақындық мұрасына қатысты алғаш пікір білдіріп, орнықты ой айтқандардың бірі – Халел Досмұхамедұлы. Ғалым зерттеулерінде өзге де ақындармен қатар Шернияз есімі ілтипатпен аталып, оның өлең өнеріне, өріміне қосқан үлесін әдеби тұрғыдан талдап, зерделейді. «Шернияздың эзілқойлығы, біреудің міні табуға, не көзге мақтай қоюға шеберлігі, қысылған жерде сөз тапқырлығы, күлдіргі сөзге ұсталығы таңданарлық нәрсе» [2, 102], – деп, оның бойындағы қасиеттерді тізбелеп, ақындық, адамдық болмыс-бітімін ерекшелеп көрсетуге тырысады. Аттарын атауға тиым салынған зар заман ақындарының әдебиет тарихындағы алар орнын бағамдап, кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге көрсетіп, еңбектерін ыждаһаттап жинап, бастырып, жариялауда зор еңбек атқарған Халел Шернияздың Истатайдың қасына еріп, қазақты қорғауға бас болғанын, тапқыр, сөзге жаңылмайтын, сөзге жүйрік шешен болғанын да айтып, жазып қалдырған. Амалсыздан Баймағамбеттің сөзін сөйлегенін, реті келгенде, оны аямай зәрлі тілмен талай шаққанын да біз алғаш Халел еңбектері арқылы халық арасына таралғанын білеміз. Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтты дейтін әйгілі сөздері, арнаулары да әдебиетші ғалымның назарынан тыс қалмай, көпшілік назарына ұсынылып, сұлтан мен ақын арақатынасының, шиеленістің неден бастау алып, қай бағытта өрбитінін де алғаш болып, тарамдатып, таратып айтқан Халел Досмұхамедұлы болатын. Шернияз шығармашылығы туралы әр кезде С. Мұқановтың, Қ. Жұмалиевтің, Х. Сүйіншәлиевтің, Б. Аманшиннің, Қ. Мәдібайдың т.б. зерттеулерінде жарияланды. Өлеңдері жиналып, толықтырылып, өңделіп, қайта басылды.

Шернияз Жарылғасұлының шығармалары әдебиет тарихында өзіндік орны бар, шынай, өткір туындылары ел арасында ерте жайылып, халқының жүрегінен орын алғанын айтуға тиіспіз. Тауып айтуға шебер, сөзді ойнатуға құмбыл, тайсалмай сөйлейтін шешен болғаны ақын атын ерте танытып, атағын алаш жұртына жайғаны мәлім. Тіл қолданысындағы өзіне тән ерекшелік, өлең өріміндегі, құрылымындағы өзгешелік, стильдік, көркемдік ерекшелік Шернияз өлеңін өзгелерден айрықшалап, өзіндік үнін айқын аңғартатынын алаш әдебиеттанушыларынан бастап айтып келе жатыр. Әдебиеттегі арнау өлеңдерді, сатира дәстүрін де кеңінен дамытқанын, сарай ақыны емес, халықшыл бағытта ұстанғанын да ұмытпауымыз керек.

Ия, шынында, Шернияз өзіне дейінгі әдеби дәстүр үлгілерін мансұқтаған жоқ, оны тиісінше игеріп, меңгеріп, өлеңдеріне халықтық сипат, ұлттық рух дарыта алды. Жай, жалаң ұрандамай, бостандықты, ерлікті жырлауда ерекше үн қатып, дидактикалық сарынды азаматтық, реалистік сипатқа ауыстыра алды.

«Махамбет, Шернияз өлеңдерінің идеялық мазмұны хан, сұлтан, би-феодалдардың халықты езіп отырғандығын әшкерелеуге, халықты соларға қарсы күреске үндеуге арналса, олардың қолданған сөз образдары поэтик тілін, жалпы сөздіктерінің халық көпшілігіне түсініктілігін керек етті. Олар өздерінің мағынасы тұжырымды, дәл, анық және образдарының өмір шындығынан алынуына, жұртшылыққа мейлінше түсінікті болуына алдымен көңіл бөлді» [3, 278].

Қара халықтың күйін көріп, сезіп өскен Шернияз есейе келе, ат жалын тартып мінген азамат шағында бұл қатердің, қауіптің күшейе түскенін бағамдады. Отаршылдық қамыттың қыспағына ілінген халқының тағдыры іштегі шерін қозғады. Көрші елдердің қысымына өз еліндегі сұлтанбилердің әпербақандығы қосылды. Жан-жақты талауға, қинауға түскен халықтың ашу-ызасы, кегі мен жанайқайы тыныш отырғызбай, қара халықпен бірге қолына қару алғызды. Зұлымдыққа, озбырлыққа қарсы шығып, қолынан келгенінше айтысты, айқасты. Жанын жегідей жеген жағдайлар Шернияз өлеңінен шиыршық ата жырланып, камкөңіл ақын шерлі көңілдің қайғысын өлеңмен тарқатты. Осы тұста қазақ поэзиясында бой көрсеткен күресшіл, төңкерісшіл рух елге серпін әкеліп, әдебиетке өршіл сарын дарытты. Бұрынғы поэзия үлгілерін малданып қана қоймай, жаңашылдық сипаты басым өлең үліглері өмірге келді. Өршіл пафосқа, ерлік рухқа толы Махамбет поэзиясының әсері Шерниязда анық байқалды. Қысастық көрген халқының мұндай жағдайға жетуіне би-сұлтандарды кінәлі санады. Олардың аяр, екі жүзді қалпын аяусыз әшкереледі. Ел мүддесіне адалдық танытпаған ессіздігін, намыссыздығын бетіне басты. Халық шерін алдыңғы кезекке шығарып, бостандыққа жетер, тәуелсіз ел болар күнге жеткізуді армандады.

Заманы арқалатқан жүктің ауырлығын, жауапкершілігін айқын сезініп, еркіндік үшін алысуға, бостандық үшін күресуге басын бәйгеге тікті. Ерлікті дәріптеді, ерлердің ісін үлгі етті. Бұрынғы өткен дәуірдегі тыныштықты аңсады, келер замандағы бостандық күніне тезірек жетуді қалап, өлеңдеріне қосты. Ол өлеңдер өзгеше өріммен өріліп, жеке бастың

халін көрсету деңгейінен шырқай көтеріліп, елдік мүдде, халықтың сипат баса айтылды. Шернияздың шерлі өлеңінен халықтың мұны көрінді, арман-тілегі айтылды.

Жұрт теңгеріп тұруға,
Әділ төре, хан керек;
Ханның көркін сұрасаң,
Қара орман ел керек.

Ел ішінің алатайдай бүлінгеніне алаңдап, ел-жұртын уысында ұстайтын, ішкі-сыртқы дұшпанға алдырмайтын басшының осалдығына күйініп, жұртты теңгеріп ұстап тұруға әділ төре, адал хан керек деп есептейді. Сонда ғана караормандай халқының берекесі кіреді, іргелі ел бола алады дегенді меңзейді.

Жұрт жабылып ішетін,
Айдын-шалқан көл керек;
Ел үстіне жау келсе,
Көк бөрідей ер керек, –

деп ежелге жыраулық поэзия дәстүріне салып төкпелегенмен, ақынның ойы анық, айтары айқын.

«Өйткені, олар (билеушілер) – өз сүйіктестерінің ар-абыройын, жер жайлауын, мүлік-мүкәмалын малға, мансапқа аяусыз сатушылар. Махамбеттің «қабырғасын бір-бірлеп сөксе де, қабағын шытпас» қайсар, қайтпас ымырасыздығының бір түйткілі осында. Хан – әділетсіз, би – жалақор тұста ол жалғыз нәрсені – «бір бойында бес еркектің буы бар», «елге ете-

не батырлықты ғана марапаттауға мәжбүр» [4, 100].

Ата-бабадан мирас болып келе жатқан жазиралы өлкені, айдын-шалқар көлді, көкөрай белді, кең сахараны сақтап қалуға, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруға тиіспіз, ал ол үшін, мынадай қиын-қыстау кезеңде көмекке келер, ел шетін жаудан қорғар ерлердің орны бөлек екенін, мұндай міндетті атқаруға бел шеше кіріскен Исатай, Махамбеттерге дем беріп, қолдау керек дегенді ашық айтады. Басыңнан ұшса дәулетің, айналып қайта оралмайтынын сезеді.

Көмексіз болса, ер жігіт,
Жалғыз теңдік таба алмас.
Жалғыздың ісі оңалмас,
Көптің ісі жоғалмас, –

деп жырлаған ақынның айтар ойы анық та қанық. Жауға жалғыз шабатын көзсіз батырлардың заманы өткенін, бірігіп қана жауды жеңуге болатын меңзеп, ел азаматтарын ерлік іс қылуға, көп болып, жұмылып, әрекет етуге шақырады. Исатай, Махамбеттердің аз, жалғыз екеніне алаңдап, тізе қосып ұмтылуға, кеңесіп, көп қол болуға үндейді. Елінің ертеңіне алаңдар, болашағына қам жер азаматтарды үлгі етіп, алаштың басын қосар күнді ойлайды. Ел бүтіндігін сақтауда, іргесін нықтауда ерлердің ісі әрдайым көпке үлгі болатынын ескеріп, ел үмітін ақтар ерлердің орны бөлек екенін жырға қосады. Ел болып қалудың, ертеңгі ұрпаққа аманаттар жерге ие болудың көбіне-көп ер-азаматтарға байланысты екенін шынайы жеткізеді.

Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
- 2 Досмұхамедұлы Х. Қазақ әдебиетінің бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Орал: Ағартушы, 2010. – 436 б.
- 4 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2001. – 336 б.

References

- 1 Äwezov M. Ädebiet tarixi. – Almaty: Sanat, 1996. – 240 b.
- 2 Dosmukameduly X. Qazaq ädebietiniñ bastawları. – Almaty: Ana tili, 1998. – 256 b.
- 3 Jumaliev Q. Qazaq éposı men ädebiet tarixiniñ mäseleleri. – Oral: Ağartwşı, 2010. – 436 b.
- 4 Şärip A. Qazaq poeziyası jäne ulttıq ideya. – Almaty: Bilim, 2001. – 336 b.